

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1745 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелері бойынша ақпарат беру нысанын бекіту туралы" 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 543 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 37 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 23 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2761. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 17 маусымдағы N 134 қаулысымен.

Ескерту: Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 17 маусымдағы N 134 қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелері бойынша ақпарат беру нысанын бекіту туралы" 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 543 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1745 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2002 жылғы 28 қаңтарда және 2002 жылғы 10 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауында және 1-тармақта "мәмілелері бойынша" деген сөздер "мәмілелері жөнінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банктер қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға осы қаулының қосымшасына сай нысан бойынша олармен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен өзінің мәмілелері

жөніндегі ақпаратты ай сайын, есеп берілетін айдан кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей ұсынады деп белгіленсін.";

қаулының қосымшасы мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Екінші деңгейдегі банктердің
ерекше қатынастармен байланысты
тұлғалармен мәмілелері туралы
ақпарат беру нысанын бекіту туралы"
2001 жылғы 20 желтоқсандағы
N 543 қаулысына қосымша

**банкпен ерекше қатынастармен байланысты
(банктің атауы) тұлғалармен мәмілелері туралы ақпарат**

200 жылғы "___" _____ бастап 200__ жылғы "___" _____ дейінгі есепті кезең
ішінде, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы

Тұлға.	Осыған сәйкес Опера.	Сомасы Шарттың аяқ.	Шарт қолданы.
ның	тұлға банкпен цияның	(мың талған күні луының аяқталу	
атауы	ерекше қаты.	түрі теңге)	(талаптарды күні (талаптарды
(аты-	наспен байла.	(валюта	орындаудың орындаудың
жөні)	нысты тұлға.	түрін	аяқталу күні) аяқталу күні)
	ларға жатқы.	көрсете	
	зылатын	отырып)	
	белгісі		

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Төлейтін сыйақы	Банктің Директорлар	Ескерту
(мың теңге немесе %)	кеңесі шешімінің не	
	(Директорлар кеңесі	
Банктің	Банкпен ерекше ішкі	болмаған жағдайда)
пайдасына	қатынаспен	құжат. акционерлердің жалпы
банкпен	байланысты	тарға жиналысы шешімінің
ерекше	тұлғаның	сәйкес деректемелері
қатынаспен	пайдасына банк	
б а й л а н ы с т ы		

Банктің банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелердің жалпы сомасы, банктің онымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен операциялардың әрбір түрі бойынша сомасы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1902 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту жөнінде" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 213 қаулысына сәйкес (бұдан әрі - Пруденциалдық нормативтер туралы ереже) есептелетін меншікті капиталы мөлшерінің 0,1 процентінен аспайды 200__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша _____ болады.

Кестені толтыру жөніндегі нұсқамалар: кестеде банктің банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалған, 200__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша олардың сомасы Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелетін банктің меншікті капиталы мөлшерінің 0,1 процентінен асатын барлық мәмілелер туралы мәліметтер көрсетіледі, оның ішінде мыналарды көздейтін (бірақ мұнымен шектелмейтін) мәмілелер туралы:

- 1) Заемды беру (депозитті орналастыру);
- 2) Депозитті қабылдау (талап етуге дейінгі депозитті және сыйақы есептелмейтін ағымдағы банк шотын қоспағанда) немесе банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардан заемды алу;
- 3) банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар шығарған қаржы құралдарын сатып алу және кепілге алу;
- 4) қаржы құралдарын сатып алу (сату), оның ішінде оларды банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардан кері сатып алу (сату) талаптарында (банкке қарсы әріптесті айқындауға жол бермейтін әдістермен ұйымдасқан рынокта жасалған мәмілелерді қоспағанда);
- 5) банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың мүлкін сатып алу (с а т у) және к е п і л г е а л у ;
- 6) банктің жоғарыда көрсетілген операцияларын жүзеге асыру бойынша болашақ міндеттемесі, не банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар үшін субсидиарлық немесе ортақ жауапкершілік;
- 7) 1)-6) тармақшаларында көрсетілген операцияларды қоспағанда, банктің және банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаның арасындағы мүлікке меншік құқығының көшуі.

Басқарма Төрағасы _____ Бас бухгалтер _____ Орындаушы _____
Ішкі аудит (бақылау) қызметінің басшысы _____ мөр орны".

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге және Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмұтоваға жүктелсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК